**Зейнетақы активтерін инвестициялау бойынша жасалған мәмілелер және жинақтаушы зейнетақы қорлары мен зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдардың меншікті активтері жөнінде есеп беру қағидаларын бекіту туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі басқармасының 2012 жылғы 24 ақпандағы № 85 Қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2012 жылы 16 сәуірде № 7577 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 22 қазандағы 196 қаулысымен

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 22.10.2014 № 196 (қабылданған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Зейнетақы активтерін инвестициялау бойынша жасалған мәмілелер және жинақтаушы зейнетақы қорлары мен зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдардың меншікті активтері жөнінде есеп беру қағидалары бекітілсін.

2. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Ұлттық Банк Төрағасы Г. Марченко*

*КЕЛІСІЛДІ*
*Қазақстан Республикасы Статистика агенттігімен*
*Төраға __________ Ә.А. Смайлов*
*2012 жылғы 16 наурыз*

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының

2012 жылғы 24 ақпандағы № 85 қаулысымен бекітілген

# Зейнетақы активтерін инвестициялау бойынша жасалған мәмілелер және жинақтаушы зейнетақы қорлары мен зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдардың меншікті активтері жөнінде есеп беру қағидалары

Осы Қағидалар "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді және зейнетақы активтерін инвестициялау бойынша жасалған мәмілелер және жинақтаушы зейнетақы қорлары (бұдан әрі – Қор) мен зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдардың (бұдан әрі – Ұйым) меншікті активтері жөнінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитетіне (бұдан әрі - уәкілетті орган) есеп беру тәртібін, нысанын және мерзімдерін белгілейді.

1. Ұйым уәкілетті органға:

1) күн сайын, есепті күннен кейінгі күні Астана уақыты бойынша жұмыс күнінен сағат 16.00-ден кешіктірмей зейнетақы активтері инвестициялық басқарудағы әрбір жинақтаушы зейнетақы қорының бөлігінде - осы Қағидалардың 1, 2 (1, 2, 3-нысандарды) қосымшаларына сәйкес меншікті активтерін және меншікті активтерін инвестициялау бойынша жасалған мәмілелер туралы есептерді;

2) ай сайын есепті айдан кейінгі айдың бесінші жұмыс күнінен кешіктірмей:

осы Қағидалардың 1, 3 және 4-қосымшаларына сәйкес зейнетақы активтері инвестициялық басқарудағы әрбір жинақтаушы зейнетақы қорының бөлігінде есептерді;

осы Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес есепті ұсынады.

2. Зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті жүзеге асырмайтын Қор уәкілетті органға электронды нысанда:

1) күн сайын, есепті күннен кейінгі күні Астана уақыты бойынша жұмыс күнінен сағат 16.00-ден кешіктірмей меншікті активтерін инвестициялау бойынша жасалған мәмілелер туралы есептерді осы Қағидалардың 2-қосымшасына (1, 2, 3-нысандарды) сәйкес;

2) ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың бесінші жұмыс күнінен кешіктірмей - осы Қағидалардың 2, 3 және 4-қосымшаларына сәйкес есепті ұсынады.

3. Уәкілетті органға ай сайын ұсынатын осы Қағидалардың 1, 2, 3 және 4-қосымшаларында көрсетілген есептерге есепті айдың әрбір жұмыс күні үшін мәліметтер қосылады.

4. Осы Қағидалардың 1 және 2-тармақтарында көрсетілген есептер "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" 1997 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңының 34-1-бабына сәйкес инвестициялық портфельдің әр түрі бойынша беріледі.

5. Электронды нысанда жасалған есеп ұсынылатын деректердің құпиялылығын және түзетілмейтіндігін қамтамасыз ететін криптографиялық қорғау құралдарымен ақпаратты кепілдік бере отырып жеткізу көлік жүйесін пайдалану арқылы уәкілетті орган көрсеткен мекен-жай бойынша жіберіледі.

6. Ұсынылған есепке өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген жағдайда Қор (Ұйым) уәкілетті органға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу қажеттігінің себептерін түсіндіре отырып түзетілген нұсқасын береді.

7. Уәкілетті орган есепті қарау кезінде, Қордан (Ұйымнан) есептілікте көрсетілген ақпаратты тексеруге қажетті мәліметтерді және құжаттарды сұрайды.

Зейнетақы активтерін инвестициялау бойынша жасалған мәмілелер және жинақтаушы зейнетақы қорлары мен зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдардың меншікті активтері жөнінде есеп беру қағидаларына
1-қосымша

**______________ бастап ________________ аралығындағы кезең ішіндегі**
**(Инвестициялық портфельдің қысқартылған атауы)**
**(Қордың қысқартылған атауы)**
**(Ұйымның қысқартылған атауы)**
**зейнетақы активтерін инвестициялау бойынша жасаған мәмілелері туралы есебі**

1-нысан. Зейнетақы активтері есебінен сатып алуға рұқсат етілген бағалы қағаздар

| № | Мәмілелер жасалған күн | Брокердің - дилердің атауы | Қызметтер ақысы | | | Мәмілелер түрі | Нарық | Бағалы қағаздың түрі және оның эмитентінің атауы |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | Брокер-дилердің | Банктің | Сауда- саттықты ұйымдастырушының | | | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 |
| | | | | | | | | |

кестенің жалғасы:

| Ұлттық сәйкестендіру нөмірі | Номиналды құн валютасы | Бір бағалы қағаздың номиналды құны | Мәмілелер көлемі ( бағалы қағаздар данасы) | Төлем валютасы | Бір бағалы қағаз үшін сатып алу ( сату) бағасы | Мәмілелерді жасасу күніндегі бір бағалы қағаз үшін барынша төмен баға | Мәмілелерді жасасу күніндегі бір бағалы қағаз үшін барынша жоғары баға |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 10 | 11 | 12 | 13 | 14 | 15 | 16 | 17 |

кестенің жалғасы:

| Бағалы қағаздар бойынша кірістілік (пайызбен) | Мәмілелер сомасы | Қарсы әріптестің атауы | Қарсы әріптестің рейтингі |
|---|---|---|---|
| 19 | 20 | 21 | 22 |

2-нысан. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі және екінші деңгейдегі банктердегі салымдар

| № | Ақша аударылатын күн | Банктің атауы | Салым бойынша операциялар | Банктік салым шартының жасалған күні және нөмірі | Салым мерзімі ( күнмен) | Сыйақы ставкасы ( жылдық пайызбен) | Салым валютасы | Салым сомасы |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 |
| | | | | | | | | |

3-нысан. Зейнетақы активтерінің есебінен сатып алуға рұқсат етілген аффинирленген құнды металдар

| № | Мәмілелер жасалған күн | Қарсы агенттің атауы | Қызметтер ақысы | Мәмілелер түрі | Аффинирленген құнды металдың түрі | Мәмілелер көлемі ( бірлік) | Төлем валютасы | Біреуінің сатып алу бағасы | Мәмілеле сомасы |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 |

Басшы

(есепке қол қоюға (қолы) Тегі, аты, әкесінің аты уәкілетті тұлға) (бар болса)

Бас бухгалтер

(есепке қол қоюға (қолы) Тегі, аты, әкесінің аты уәкілетті тұлға) (бар болса)

мөр орны

Орындаушы

(қолы, телефон нөмірі) Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Зейнетақы активтерін инвестициялау бойынша жасалған мәмілелер туралы есепті толтыруға ескертулер:

1-нысан.

1. 2-бағанда мәмілелер бағалы қағаздардың халықаралық (шетелдік) нарықтарында жасалған жағдайда оны жасасу күні (trade date) көрсетіледі.

2. 7-бағанда мәмілелердің түрі (сатып алу, сату, өтеу, кері "Репо" операциясы,

- ашу(жабу) және т.б.) көрсетіледі.

3. 8-бағанда сауда жүйесінде мәміле жүзеге асырылған сауда-саттықты ұйымдастырушы немесе мәміленің ұйымдастырылмаған рынокта жасалғандығы көрсетіледі.

4. 9-бағанда эмитенттің атауы және бағалы қағаздармен сауда-саттық ұйымдастырушылардың сауда алаңдарында сауда-саттыққа жіберілген бағалы қағаздардың түрлері көрсетіледі. Мәмілелер халықаралық нарықта жасалған жағдайда REUTER жіктеушісі бойынша сауда коды пайдаланылады.

5. 11 және 14-бағандарда валюталар кодтары 07 ИСО 4217-2001 " Валюталарды және қорларды белгілеуге арналған кодтар" Қазақстан Республикасының мемлекеттік жіктемесіне сәйкес көрсетіледі.

6. 15-бағанда мәмілелердің жасалғандығын растайтын бастапқы құжаттарда ( биржалық куәлік, брокер-дилердің есебі, S.W.I.F.T. жүйесі бойынша алынған растау) көрсетілген баға сатушыға төленген сыйақыны есепке ала отырып үтірден кейінгі төрт таңбаға дейінгі дәлдікпен көрсетіледі. Бастапқы құжатта валютадағы бағасы болмаған жағдайда номиналды құнының пайыздағы бағасы көрсетіледі.

7. Bloomberg не REUTER ақпараттық-сараптамалық жүйелерінің деректері бойынша мәмілені жасасу күніндегі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бағамы бойынша теңгемен 16 және 17-бағандарда осы қаржы құралы айналымдағы халықаралық (шетелдік) қор биржасында жасалған акцияларды ( депозиторлық қолхаттарды) сатып алу(сату) мәмілелері бойынша баға көрсетіледі.

8. 18-бағанда бағалы қағаздар бойынша кірістілік (облигациялармен жасалған мәмілелер бойынша - басқа біреуге беруі немесе бағалы қағаздардың сауда-саттығын ұйымдастырушының сауда жүйесінде сатып алу нәтижесінде қалыптасқан кірістілік; кері "Репо" операциялары бойынша - мәмілені Автоматты репо секторында жасау нәтижесінде қалыптасқан кірістілік) процентпен көрсетіледі.

9. 19-бағанда сома үтірден кейін екі таңбаға дейінгі дәлдікпен көрсетіледі.

10. 20 және 21-бағандарда бағалы қағаздардың халықаралық (шетелдік) нарықтарында жасасқан мәмілелер бойынша толтырылады.

2-нысан.

1. 2-бағанда салым енгізілген жағдайда Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі немесе екінші деңгейдегі банктегі банктік шотқа жинақтаушы зейнетақы қорының инвестициялық шотынан ақша аударылған күн не мерзімінен бұрын қайтарылған күн немесе шарт бұзылған жағдайда - инвестициялық шотқа ақша қайтарылған күн көрсетіледі.

2. 4-бағанда салым бойынша жүргізілген операциялар (салымға ақшаның

енгізілуі, салым бойынша сыйақы төлеу, салымды мерзімінен бұрын қайтару немесе банктік салым шартының мерзімі аяқталғаннан кейін салымды қайтару) көрсетіледі.

3. 9-бағанда сома үтірден кейін екі таңбаға дейінгі дәлдікпен көрсетіледі.

3-нысан.

1. 2-бағанда мәмілелерді жасасу күні (trade date) көрсетіледі.

2. 5-бағанда мәмілелердің түрі (сатып алу, сату) көрсетіледі.

3. 6-бағанда аффинирленген құнды металдар түрлерінің атауы көрсетіледі.

4. 8-бағанда валюталар кодтары 07 ИСО 4217-2001 "Валюталарды және қорларды белгілеуге арналған кодтар" Қазақстан Республикасының мемлекеттік жіктемесіне сәйкес көрсетіледі.

5. 10-бағанда сома үтірден кейін екі таңбаға дейінгі дәлдікпен көрсетіледі.

Зейнетақы активтерін инвестициялау бойынша жасалған мәмілелер және жинақтаушы зейнетақы қорлары мен зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдардың меншікті активтері жөнінде есеп беру қағидаларына
2-қосымша

**_________ бастап _________________ аралығындағы кезең ішіндегі**
**(Қордың қысқартылған атауы)**
**(Ұйымның қысқартылған атауы)**
**меншікті активтерін инвестициялау бойынша жасаған мәмілелері туралы есебі**

1-нысан. Меншікті активтер есебінен сатып алынған және бағалы қағаздар

| № | Мәмілелер жасалған күн | Брокердің - дилердің атауы | Қызметтер ақысы | | | Мәмілелер түрі | Нарық | Бағалы қағаздың түрі және оның эмитентінің атауы |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | Брокер-дилердің | Банктің | Сауда- саттықты ұйымдастырушының | | | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 |
| | | | | | | | | |

кестенің жалғасы:

| | | Бір бағалы қағаздың | Мәмілелер көлемі ( | | Бір бағалы қағаз үшін | Мәмілелерді жасасу күніндегі бір бағалы қағаз | Мәмілелерді жасасу күніндегі бір бағалы қағаз |
|---|---|---|---|---|---|---|---|

| Ұлттық сәйкестендіру нөмірі | Номиналды құн валютасы | номиналды құны | бағалы қағаздар данасы) | Төлем валютасы | сатып алу (сату) бағасы | үшін барынша төмен баға | үшін барынша жоғары баға |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 10 | 11 | 12 | 13 | 14 | 15 | 16 | 17 |
| | | | | | | | |

кестенің жалғасы:

| Бағалы қағаздар бойынша кірістілік (пайызбен) | Мәмілелер сомасы | Қарсы әріптестің атауы | Қарсы әріптестің рейтингі |
|---|---|---|---|
| 18 | 19 | 20 | 21 |
| | | | |

## 2-нысан. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі және екінші деңгейдегі банктердегі салымдар

| № | Ақша аударылатын күн | Банктің атауы | Салым бойынша операциялар | Банктік салым шартының жасалған күні және нөмірі | Салым мерзімі (күнмен) | Сыйақы ставкасы (жылдық пайызбен) | Салым валютасы | Салым сомасы |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 |
| | | | | | | | | |

## 3-нысан. Меншікті активтерінің есебінен сатып алуға рұқсат етілген аффинирленген құнды металдар

| № | Мәмілелер жасалған күн | Қарсы агенттің атауы | Қызметтер ақысы | Мәмілелер түрі | Аффинирленген құнды металдың түрі | Мәмілелер көлемі (бірлік) | Төлем валютасы | Біреуінің сатып алу бағасы | Мәмілелер сомасы |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 |
| | | | | | | | | | |

## 4-нысан. Меншікті активтер есебінен сатып алынған және кепілге берілген не өзгеше ауыртпалық салынған бағалы қағаздар

| № | Мәмілелер жасалған күн | Брокердің-дилердің атауы | Қызметтер ақысы | | | Мәмілелер түрі | Нарық | Бағалы қағаздың түрі және оның эмитентінің атауы | Ұлтты сәйкест нөмірі |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | Брокер-дилердің | Банктің | Сауда- саттықты ұйымдастырушының | | | | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 |
| | | | | | | | | | |

кестенің жалғасы:

| Номиналды құн валютасы | Бір бағалы қағаздың номиналды құны | Мәмілелер көлемі (бағалы қағаздар данасы) | Төлем валютасы | Бір бағалы қағаз үшін сатып алу бағасы | Бағалы қағаздар бойынша кірістілік (пайызбен) | Мәмілелер сомасы | Кепіл ұстаушы туралы мәліметтер | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | Атауы | Қызметінің түрі | Орналасқан жері |
| 11 | 12 | 13 | 14 | 15 | 16 | 17 | 18 | 19 | 20 |
| | | | | | | | | | |

5-нысан. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі және екінші деңгейдегі банктердегі кепілге берілген не өзгеше ауыртпалық салынған салымдар

| № | Ақшаны аударым жасау күні1 | Банк атауы | Салым бойынша операциялар | Банктік салым шартын жасасу күні мен шарттың нөмірі | Салым мерзімі (күндермен) | Сыйақы ставкасы (жылдық пайызбен) | Салым валютасы | Салым сомасы | Кепіл ұстаушы туралы мәліметтер | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | | Атауы | Қызметінің түрі | Орналасқан жері |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 |
| | | | | | | | | | | | |

6-нысан. Меншікті активтер есебінен сатып алынған және кепілге берілген не өзгеше ауыртпалық салынған тазартылған қымбат металдар

| № | Мәмілелер жасалған күн | Қарсы агенттің атауы | Қызмет ақысы | Мәмілелер түрі | Тазартылған қымбат металдың түрі | Мәмілелер көлемі (бірлік) | Төлем валютасы | Біреуінің сатып алу бағасы | Мәмілелер сомасы | Кепіл ұста мәліметтер | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | | | Атауы | Қызме түрі |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 |
| | | | | | | | | | | | |

7-нысан. Меншікті активтер есебінен сатып алынған және кепілге берілген не өзгеше ауыртпалық салынған өзге мүлік

| № | Мүліктің түрі мен қысқаша сипаты | Сатып алу күні | Мүліктің орналасқан орны | Сатып алу құны | Сатып алу мақсаты | Соңғы рет жүргізілген қайта бағалау күні | Жүргізілген қайта бағалауға сәйкес құны | Есепті күніндегі ағымдағы (баланстық) құны | Кепіл ұстаушы туралы мәліметтер | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | | Атауы | Қызметінің түрі | Орналаск жері |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 |
| | | | | | | | | | | | |

Басшы

(есепке қол қоюға (қолы) Тегі, аты, әкесінің аты
уәкілетті тұлға) (бар болса)

Бас бухгалтер

(есепке қол қоюға (қолы) Тегі, аты, әкесінің аты
уәкілетті тұлға) (бар болса)

мөр орны

Орындаушы

(қолы, телефон нөмірі) Тегі, аты, әкесінің аты
(бар болса)

Меншікті активтерін инвестициялау бойынша жасалған мәмілелер туралы есепті толтыруға ескертулер

1-нысан.

1. 2-бағанда мәмілелер бағалы қағаздардың халықаралық (шетелдік) нарықтарында жасалған жағдайда оны жасасу күні (trade date) көрсетіледі.

2. 7-бағанда мәмілелердің түрі (сатып алу, сату, өтеу, кері "Репо" операциясы, - ашу(жабу) және т.б.) көрсетіледі.

3. 8-бағанда сауда жүйесінде мәміле жүзеге асырылған сауда-саттықты ұйымдастырушы немесе мәміленің ұйымдастырылмаған рынокта жасалғандығы көрсетіледі.

4. 9-бағанда эмитенттің атауы және бағалы қағаздармен сауда-саттық ұйымдастырушылардың сауда алаңдарында сауда-саттыққа жіберілген бағалы қағаздардың түрлері көрсетіледі. Мәмілелер халықаралық нарықта жасалған жағдайда REUTER жіктеушісі бойынша сауда коды пайдаланылады.

5. 11 және 14-бағандарда валюталар кодтары 07 ИСО 4217-2001 " Валюталарды және қорларды белгілеуге арналған кодтар" Қазақстан Республикасының мемлекеттік жіктемесіне сәйкес көрсетіледі.

6. 15-бағанда мәмілелердің жасалғандығын растайтын бастапқы құжаттарда ( биржалық куәлік, брокер-дилердің есебі, S.W.I.F.T. жүйесі бойынша алынған растау) көрсетілген баға сатушыға төленген сыйақыны есепке ала отырып үтірден кейінгі төрт таңбаға дейінгі дәлдікпен көрсетіледі. Бастапқы құжатта валютадағы бағасы болмаған жағдайда номиналды құнының пайыздағы бағасы көрсетіледі.

7. Bloomberg не REUTER ақпараттық-сараптамалық жүйелерінің деректері бойынша мәмілені жасасу күніндегі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бағамы бойынша теңгемен 16 және 17-бағандарда осы қаржы құралы айналымдағы халықаралық (шетелдік) қор биржасында жасалған акцияларды ( депозиторлық қолхаттарды) сатып алу (сату) мәмілелері бойынша баға көрсетіледі.

8. 18-бағанда бағалы қағаздар бойынша кірістілік (облигациялармен жасалған мәмілелер бойынша - басқа біреуге беруі немесе бағалы қағаздардың сауда-саттығын ұйымдастырушының сауда жүйесінде сатып алу нәтижесінде қалыптасқан кірістілік; кері "Репо" операциялары бойынша - мәмілені Автоматты репо секторында жасау нәтижесінде қалыптасқан кірістілік) процентпен көрсетіледі.

9. 19-бағанда сома үтірден кейін екі таңбаға дейінгі дәлдікпен көрсетіледі.

10. 20 және 21-бағандарда бағалы қағаздардың халықаралық (шетелдік) нарықтарында жасасқан мәмілелер бойынша толтырылады.

2-нысан.

1. 2-бағанда салым енгізілген жағдайда Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі немесе екінші деңгейдегі банктегі банктік шотқа жинақтаушы зейнетақы қорының инвестициялық шотынан ақша аударылған күн не мерзімінен бұрын қайтарылған күн немесе шарт бұзылған жағдайда - инвестициялық шотқа ақша қайтарылған күн көрсетіледі.

2. 4-бағанда салым бойынша жүргізілген операциялар (салымға ақшаның енгізілуі, салым бойынша сыйақы төлеу, салымды мерзімінен бұрын қайтару немесе банктік салым шартының мерзімі аяқталғаннан кейін салымды қайтару) көрсетіледі.

3. 9-бағанда сома үтірден кейін екі таңбаға дейінгі дәлдікпен көрсетіледі.

3-нысан.

1. 2-бағанда мәмілелерді жасасу күні (trade date) көрсетіледі.

2. 5-бағанда мәмілелердің түрі (сатып алу, сату) көрсетіледі.

3. 6-бағанда аффинирленген құнды металдар түрлерінің атауы көрсетіледі.

4. 8-бағанда валюталар кодтары 07 ИСО 4217-2001 "Валюталарды және қорларды белгілеуге арналған кодтар" Қазақстан Республикасының мемлекеттік жіктемесіне сәйкес көрсетіледі.

5. 10-бағанда сома үтірден кейін екі таңбаға дейінгі дәлдікпен көрсетіледі.

4-нысан:

1. 7-бағанда мәміленің түрі (сатып алу, сату, өтеу, кері "Репо" операциясы - ашу/жабу) көрсетіледі.

2. 8-бағанда сауда жүйесінде мәміле жүзеге асырылған сауда-саттықты ұйымдастырушысы немесе мәміленің ұйымдастырылмаған нарықта жасалғандығы көрсетіледі.

3. 9-бағанда эмитенттің атауы және бағалы қағаздармен сауда-саттық ұйымдастырушылардың сауда алаңдарында сауда-саттыққа жіберілген бағалы қағаздардың түрлері көрсетіледі. Мәміле халықаралық нарықта жасалған жағдайда, REUTER жіктеушісі бойынша сауда коды пайдаланылады.

4. 11 және 14-бағандарда валюталар кодтары 07 ИСО 4217-2001 "Валюталарды және қорларды белгілеуге арналған кодтар" Қазақстан Республикасының мемлекеттік жіктемесіне сәйкес көрсетіледі.

5. 15-бағанда сатушыға төленген сыйақыны ескеріп, мәміле жасалғандығын растайтын бастапқы құжаттарда (биржалық куәлік, брокер-дилердің есебі, S.W.I.F.T. жүйесі бойынша алынған растау) үтірден кейінгі төрт таңбаға дейінгі дәлдікпен көрсетілген баға беріледі.

6. 15-бағанда бағалы қағаздар бойынша кірістілік (облигациялармен жасалған мәмілелер бойынша – иелігінен шығару немесе бағалы қағаздардың сауда-саттығын ұйымдастырушының сауда жүйесінде сатып алу нәтижесінде

қалыптасқан кірістілік; кері "Репо" операциялары бойынша - мәмілені Автоматты репо секторында жасау нәтижесінде қалыптасқан кірістілік) пайызбен көрсетіледі.

7. 17-бағанда үтірден кейін екі таңбаға дейінгі дәлдікпен сома көрсетіледі.

5-нысан:

1. 2-бағанда салым енгізілген жағдайда, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі немесе екінші деңгейдегі банктегі банктік шотқа жинақтаушы зейнетақы қорының инвестициялық шотынан ақша аударылған күн не мерзімінен бұрын қайтарылған күн немесе шарт бұзылған жағдайда - инвестициялық шотқа ақша қайтарылған күн көрсетіледі.

2. 4-бағанда салым бойынша жүргізілген операциялар (салымға ақшаның енгізілуі, салым бойынша сыйақы төлеу, салымды мерзімінен бұрын қайтару немесе банктік салым шартының мерзімі аяқталғаннан кейін салымды қайтару) көрсетіледі.

3. 9-бағанда үтірден кейін екі таңбаға дейінгі дәлдікпен сома көрсетіледі.

6-нысан:

1. 5-бағанда мәміленің түрі (сатып алу, сату) көрсетіледі.

2. 6-бағанда тазартылған қымбат металдар түрлерінің атауы көрсетіледі.

3. 8-бағанда валюталар кодтары 07 ИСО 4217-2001 "Валюталарды және қорларды белгілеуге арналған кодтар" Қазақстан Республикасының мемлекеттік жіктемесіне сәйкес көрсетіледі.

4. 10-бағанда үтірден кейін екі таңбаға дейінгі дәлдікпен сома көрсетіледі.

7-нысан:

Меншігіндегі немесе тұрақты жерді пайдалану құқығындағы жер; меншігіндегі ғимараттар мен құрылыстар; көлік құралдарын қоспағанда, машиналар мен жабдықтар.

1, 2, 3-нысандар есептік кезең (ай) бойынша толтырылады, 4, 5, 6, 7-нысандар қолданыстағы шарттар негізінде есептік айдан кейінгі айдың бірінші күніндегі жағдай бойынша толтырылады.

Зейнетақы активтерін инвестициялау
бойынша жасалған мәмілелер және
жинақтаушы зейнетақы қорлары мен
зейнетақы активтерін инвестициялық
басқаруды жүзеге асыратын
ұйымдардың меншікті активтері
жөнінде есеп беру қағидаларына
3-қосымша

**(Қордың қысқартылған атауы)**
**(Ұйымның қысқартылған атауы)**
**зейнетақы активтерін және меншікті активтерін туынды қаржы құралдарына инвестициялау бойынша жасалған мәмілелері туралы туралы ________________ бастап _________________ аралығындағы кезең ішіндегі ЕСЕБІ**

| № | Мәмілелер жасалған күн | Брокердің - дилердің атауы | Туынды қаржы құралдарын есепке қойған күні | Мәмілелер бойынша есеп айырысу күні | Туынды қаржы құралының түрі | Бағалы қағаздың сәйкестендіру нөмірі | Нарық | Базалық актив және оның рейтингі | Қарсы агент және оның рейтингі |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 |

кестенің жалғасы:

| Мәмілелер шартын сипаттау | | | | | Хеджирлеу объектісі | Инвестициялық шешімнің нөмірі және күні | Мәмілелерді жасаған күніне вариациялық маржасы, теңге | Мәмілелер жасау күніне бастапқы маржасы, % |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Мәмілелер түрі | Қаржы құралдарының саны, дана | Мәмілелер бағасы, теңге | Мәмілелер сомасы. теңге | Мәмілелер валютасы | | | | |
| 11 | 12 | 13 | 14 | 15 | 16 | 17 | 18 | 19 |

Басшы
(есепке қол қоюға уәкілетті тұлға) (қолы) Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Бас бухгалтер
(есепке қол қоюға уәкілетті тұлға) (қолы) Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)
мөр орны

Орындаушы
(қолы, телефон нөмірі) Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Зейнетақы активтерін және меншікті активтерін туынды қаржы құралдарына инвестициялау бойынша жасалған мәмілелер туралы есепті толтыруға ескертулер:

1. 2-бағанда "күні/айы/жылы" форматында мәмілелер жасалған күні көрсетіледі.
2. 4-бағанда "күні/айы/жылы" форматында есепке қойған күні көрсетіледі.
3. 5-бағанда "күні/айы/жылы" форматында мәмілелер бойынша есеп айырысу күні көрсетіледі.

4. 6-бағанда туынды қаржы құралының түрі көрсетіледі (опцион, фьючерс, форвард, своп және басқа туынды қаржы құралдары).

5. 7-бағанда егер туынды қаржы құралының базалық активі бағалы қағаз болып табылса бағалы қағаздың сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі.

6. 8-бағанда мәмілелер сауда жүйесінде жасалған қор биржасының атауы және "қор биржасының атауы (елі)" форматында оның резиденттік елі не мәміле "ұйымдастырылмаған нарық" форматында қор биржасында жасалмағаны көрсетіледі.

7. 9-бағанда туынды қаржы құралының базалық активі (бағалы қағаздың және оның эмитентінің атауы, валютасы, пайыздық ставкасы, тауар және өзге базалық активтер) және "базалық актив(рейтинг) (рейтингтік агенттік)" форматында рейтингтік агенттік берген (бар болса) базалық активінің рейтингі көрсетіледі. Егер базалық активте рейтингтер болмаса, онда базалық актив көрсетіледі және " базалық актив(рейтингі жоқ)" форматында рейтингтің жоқтығы аталады.

8. 10-бағанда егер мәміле қор биржасында емес жасалған жағдайда қарсы агент, оның резиденттік елі, сондай-ақ "қарсы агент/елі/рейтингі (рейтингтік агенттік)" форматында осы қарсы агентке берген рейтингі көрсетіледі. Қарсы агентте рейтинг болмаған жағдайда "қарсы агент/елі/рейтингі жоқ" форматында ақпарат көрсетіледі.

9. 11-бағанда мәмілелер түрі көрсетіледі (сатып алу, сату және басқа).

10. 16-бағанда егер мәмілелер хеджирлеу мақсатында жасалса, "иә хеджирлеу объектісінің деректемелері" деген форматта "иә" деген сөз және хеджирлеу объектісінің деректемелері (бағалы қағаздың сәйкестендіру нөмірі, саны, құны, мөлшері, валютасы) көрсетіледі. Егер мәміле хеджирлеу мақсатында жасалмаса " жоқ" деген сөз көрсетіледі.

11. 17-бағанда инвестициялық комитеттің мәміле жасалғаны туралы инвестициялық шешімді қабылдау нөмірі мен күні көрсетіледі.

12. 18-бағанда биржа есептейтін және шұғыл келісім-шарттың баға белгілеу өзгеруді ескеретін сауда-саттықты қатысушыларының міндеттемелерін өзгеруінің ақшалай түрі болғанда вариациялық маржасы бар болса көрсетіледі.

13. 19-бағанда – клиент әрбір ашық позицияға енгізу тиіс биржа айқындайтын базалық активтінің жиынтық нарық құнының бастапқы маржасы бар болса көрсетіледі.

14. 20-бағанда Т+0 немесе Т+n форматында сауда-саттық режимі көрсетіледі не биржа ережесінде көзделген сауда-саттықтың басқа режимі сипатталады.

13. 21-бағанда мәмілелер тарапында талаптар мен міндеттемелердің туындаған шарттары көрсетіледі.

15. 22-бағанда инвестициялық портфельдің тиісті түрін құрайтын зейнетақы активтері немесе меншікті активтері көрсетіледі.

Зейнетақы активтерін инвестициялау бойынша жасалған мәмілелер және жинақтаушы зейнетақы қорлары мен зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдардың меншікті активтері жөнінде есеп беру қағидаларына
4-қосымша

## ____________ бастап _______________ аралығындағы кезең ішіндегі (Қордың қысқартылған атауы) (Ұйымның қысқартылған атауы) үлестес тұлғалармен зейнетақы активтері мен меншікті активтерін инвестициялау бойынша жасаған мәмілелері туралы есебі

| № | Активтердің түрі (СА/ПА) | Мәмілелерді жасасу күні | Нарық | Мәміле түрі | Мәміле бойынша қарсы серіктестің атауы | Қарсы әріптестің аффилиирленгендігінің белгісі |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |

кестенің жалғасы

| Қаржы құралының параметрлері | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Қаржы құралының түрі | Қаржы құралын шығарған (ұсынған) эмитенттің атауы | Ұлттық сәйкестендіру нөмірі | Бір бірлігінің бағасы | Мәмілелердің көлемі (дана) | Мәмілелер сомасы (теңге) | Банктік салым шартының аяқталу күні | Ескерту |
| 8 | 9 | 10 | 11 | 12 | 13 | 14 | 15 |

Басшы
(есепке қол қоюға уәкілетті тұлға) (қолы) Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Бас бухгалтер
(есепке қол қоюға уәкілетті тұлға) (қолы) Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

мөр орны

Орындаушы
(қолы, телефон нөмірі) Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның үлестес тұлғаларымен жасалған мәмілелер туралы есепті толтыру бойынша ескертулер:

1. Зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның үлестес тұлғаларымен жасалған мәмілелер туралы есеп Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009 жылғы 5 тамыздағы № 189 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5794 тіркелген) бекітілген Зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың және жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін жүзеге асыру ережесінің 16-тармағында көзделген жағдайларда толтырылады және уәкілетті органға беріледі.

2. 2-бағанда зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның меншікті немесе зейнетақы активтері көрсетіледі.

3. 3-бағанда "күні/айы/жылы" форматында мәміленің жасалған күні көрсетіледі.

4. 4-бағанда мәміле сауда жүйесінде жасалған қор биржасының атауы және "қор биржасының атауы/елі" форматында оның резиденттік елі не мәміле "ұйымдастырылмаған нарық" форматында қор биржасында жасалмағаны не "халықаралық нарықта" жасалғаны көрсетіледі.

5. 5-бағанда мәміленің түрі көрсетіледі (сатып алу, сату, "репо" ашылу және жабылу операциясы, банктік салым шартын жасасу және өзге мәмілелер). "Репо" операциялары бойынша сонымен қатар "репо" операцияларының түрі көрсетіледі: тікелей немесе кері "репо". Қор биржасының сауда-саттық жүйесінде жасалған мәмілелер бойынша "Ескерту" деген бағанада мәмілені жасау әдісі көрсетіледі.

6. 6-бағанда бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар ұйым брокер ретінде болған (брокер мүддесінде әрекет еткен тұлғаны көрсетіп) жағдайда, "B" символы қолданылады және бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар ұйым дилер ретінде болған жағдайда "D" символы қолданылады. Банктік салым ашылған жағдайда, банктің атауы көрсетіледі.

7. 7-бағанда "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы Заңының 64-бабына сәйкес қарсы серіктес зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымға қатысты үлестес тұлға болып танылатын сәйкес белгі көрсетіледі.

8. 10, 11 және 12-бағаналар сатып алу, сату, өтеу, кері "Репо" операциясы - ашылуы/жабылуы бойынша мәмілелер үшін толтырылады.

9. 13-бағанда мәмілелер жасауға байланысты шығыстарды ескермей (сатып алу, сату, өтеу, кері "Репо" операциясы – ашылуы(жабылуы) және өзге),

жиналған сыйақыны ескеріп (банктік салымды ашу), үтірден кейін екі белгіге дейін нақты беріп, сома көрсетіледі.

10. 14-бағанда "күні/айы/жылы" форматында банктік салым шартының аяқталу күні көрсетіледі.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 ақпандағы № 85 қаулысына қосымша

## Күші жойылды деп танылған Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілердің тізбесі

1. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Зейнетақы активтерін инвестициялау бойынша жасалған мәмілелер және жинақтаушы зейнетақы қорлары мен зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асырушы ұйымдардың меншікті активтері жөнінде есеп беру ережесін бекіту туралы" 2004 жылғы 27 желтоқсандағы № 375 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3376 тіркелген).

2. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2009 жылғы 2 қарашадағы № 100 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5709 тіркелген) 3-тармағы.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне қаржы нарығын және қаржы ұйымын реттеу мен қадағалау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2009 жылғы 2 қарашадағы № 230 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5879 тіркелген) 2-тармағы.

4. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне бағалы қағаздар нарығының мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2010 жылғы 1 ақпандағы № 9 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6099 тіркелген) 3-тармағы.

5. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу

мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2010 жылғы 1 маусымдағы № 73 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6315 тіркелген) 3-тармағы.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК